



Педагогикалық кеңес №1

Мақсаты: тәрбие-білім беру үдерісінің деңгейін арттыру, педагогика ғылымының жетістіктері мен озық тәжірибені практикада пайдалану үшін БҰ ұжымының күш-жігерін біріктіру.

№	Педагогикалық кеңесте қаралатын мәселелер	Уақыты	Өткізілетін түрі	Жауапты
1	Ұжымды жаңа 2025/2026 оқу жылына арналған мақсаттар мен міндеттермен таныстыру.	Қыркүйек 2025жыл	Дөңгелек үстел	Директор З.И.Әбиева
2	Жазғы сауықтыру - шынықтыру іс-шараларының атқарылған жұмыстарын талқылау, қорыту.		Есеп	Медбике: Таумұрынова А.
3	Тәрбиешілерді жаңа оқу жылына арналған сабақтарымен таныстыру. 2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жоспарды бекіту: - жылдық мақсат пен міндеттерді; - оқу жоспарларын, вариативтік бөлімін бекіту; - ұйымдастырылған іс-әрекеттерді бөлу кестесі; - перспективалық жұмыс жоспарлары; - күн тәртібі кестесін бекіту		Мәлімдеме	Әдіскер: З.И.Әбиева
4	Әдістемелік кеңес мүшелерін таңдау		Мәлімдеме	Әдіскер: З.И.Әбиева

**«Мерейлі» жекеменшік балабақша 2025-2026 оқу жылындағы
педагогикалық кеңестің
№2 хаттамасы**

қыркүйек 2025 жыл

Жаңаөзен қаласы

Күн тәртібі:

1. 2025–2026 оқу жылының жұмыс жоспарын үлгілік оқу жоспары бойынша жасау, таныстыру, талдау, бекіту және стандартқа сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізу
2. Жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының қорытындысы
3. Тәрбиешілерді жаңа оқу жылына арналған сабақтарымен таныстыру, жылдық жоспарларды бекіту
4. Балабақшаның аттестаттау комиссия құрамын құру

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша:

Балабақша директоры З.И.Эбиева 2025–2026 оқу жылының жұмыс жоспарын таныстырып, үлгілік оқу жоспарына сәйкес жасалғанын, талданып, бекітілетінін және стандартқа сай өзгерістер енгізілетінін түсіндірді.

Педагогтарға оқу процесінде тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану, жаңартылған білім беру мазмұны бойынша жұмыс жүргізу қажеттігі айтылды.

Екінші мәселе бойынша:

Медбике А.Таумұрынова жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының қорытынды есебін баяндады. Барлық жоспарланған шаралар толық орындалғаны, балалармен таза ауадағы серуендер, таңғы жаттығулар, дене шынықтыру жұмыстары жүйелі жүргізілгені айтылды.

Сөз сөйледі:

Тәрбиеші Ж.Амантурлиева сұрақ қойды:

Серуен кезеңінде балалармен қандай ойындар алуға болады?

Жауап: Серуенде кезеңінде балалар еркін ойындар, сюжеттік ойын ойнатуға болады.

Қаулы:

2025–2026 оқу жылының жұмыс жоспары бекітілсін

Жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларының қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын

Тәрбиешілердің жылдық және оқу жоспарлары бекітілсін

Аттестаттау комиссиясының құрамы бекітілсін

Төрайым:



З.И.Эбиева

Хатшы:



С.И.Эбиева



«Бекітемін»
«Мерейін» жекеменшік
балабақша директоры:
у.м.а.з.и.Эбиева

№ 2 Педагогикалық кеңес

«Білім беру процесінде инновациялық технология қолдану»

Өткізу нысаны: Дөңгелек үстел

№	Педагогикалық кеңесте қаралатын мәселелер	Уақыты	Өткізілетін түрі	Жауапты
1	Алдыңғы педагогикалық кеңестің тапсырмасының орындалуын талдау.	Қараша 2025ж	Дөңгелек үстел	Директор у.м.а З.И.Эбиева
2	«МДҰ-да ойын технологиясы» кеңес		Кеңес	Психолог: С.И.Эбиева
3	Мектеп жасына дейінгі балаларды оқытудағы даму технологиялары (презентация).		Презентация	Директор у.м.а З.И.Эбиева

**«Мерейлі» жекеменшік балабақша 2025-2026 оқу жылындағы
педагогикалық кеңестің
№2 хаттамасы**

05 қараша 2025 жыл

Жаңаөзен қаласы

Күн тәртібінде:

1. №1 пед кеңестің шешімдерінің орындалуы-жауапты балабақша директоры
З.И.Эбиева

2. Кеңес: «Мектепке дейінгі ұйымда ойын технологиясы» – жауапты психолог:
С.И.Эбиева

3. Презентации: «Мектеп жасына дейінгі балаларды оқытудағы даму
технологиясы» - жауапты балабақша директоры
З.И.Эбиева

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша:

«Мерейлі» жекеменшік балабақша директоры З.И.Эбиева педагогикалық кеңестің
күн тәртібімен және №1 педкеңестің шешімдерінің орындалысымен таныстырды.

1.2025-2026 оқу жылының жұмыс жоспарындағы өзекті мәселе, міндеттерді шешуде
педагогтар тиімді әдіс-тәсілдерді қолдануға жұмыстанды.

2.Балабақшадағы №1, №2 топтардың безендірілуі мен топтардың үлестірмелі
құралдарының қорытындысы осы пед кеңесте қаралады.

Екінші мәселе бойынша:

«Мектепке дейінгі ұйымда ойын технологиясы» деген атты кеңесті психолог
Сагира Исенбаевна оқыды. Мектеп дейінгі жас-ерік-жігер, әлеуметтік құзыреттілік
қалыптасатын бірегей шешуші кезең. Ойын түрінде оқыту қызықты, ерекше болуы
тиіс, бірақ, ойын-сауық емес. Мектепке дейінгі балаларды осындай тәсілмен оқытуды
жүзеге асыру үшін, әзірленетін ойындық білім беру технологиясы анық белгіленген
және қадамдық сипатталған жүйесі бар әр түрлі ойындар болуы қажет. Педагог осы
жүйені пайдалана отырып, нәтижесінде баланың сол немесе өзге де заттық мазмұны
бар деңгейді меңгеретініне сенімді болуы қажет.

Сөз сөйлеу:

1. Тәрбиеші Құдайбергенова Мөлдір– сұрақ. Ойын арқылы оқыту неге тиімді деп
ойлайсың?

Жауап: Қазіргі таңда жаңа технологиялармен қаруланған мамандарды дайындау
басты міндет болып отыр. Сондықтан біз әрдайым ізденісте болуымыз керек.

Тыңдалды:

Үшінші мәселе бойынша:

Презентация «Мектеп жасына дейінгі балаларды оқытудағы даму технологиялары»
- туралы презентация балабақша директор: З.И.Эбиева өткізді.

Мектепке дейінгі мекемеде баланың денсаулығын сақтауға және нығайтуға
бағытталған алуан түрлі формалары мен тәсілдері бар. Денсаулық сақтау
технологиясы балабақшада мынадай бағытта жүргізіледі :

а)Денсаулық сақтау және ынталандыру технологияларына жағдай жасау;

ә)салауатты өмір салтын үйрету технологиясы;

б)Түзету технологиялары арқылы жүргізілетінін айтты.

Төртінші мәселе бойынша:

«Мектеп жасына дейінгі балалардың қолының ұсақ моторикасын дамыту үшін ойын
технологияларын қолдану» шебер сынып тәрбиеші: Айтыманова Гүлзауза өткізді.

«Мерейлі» жекеменшік балабақша директоры: З.И.Эбиева топтардың жаңа оқу жылына дайындығы туралы айтты. Балабақшаға көрнекі құралдар аз екенін ескере айта отырып, оқу әдістемелік құралдар мен көрнекіліктерді толықтыру керек екенін айтты.

Қортынды:

1. №1, №2, №3 топтарда үлестірмелі материалдармен жабдықталған.

Қаулы:

1. 2025-2026 оқу жылының жұмыс жоспарындағы өзекті мәселе, міндеттерді шешуде педагогтар тиімді әдіс-тәсілдерді қолдануға жұмыстансын.
2. 2025-2026 оқу жылында да шынықтыру шараларының ұйқыдан кейінгі шаралары және серуендер, таза ауадағы дене шынықтыру, таңертеңгілік жаттығулар уақытымен орындалсын.


Жиналыс төрағасы:



З.И.Эбиева

Хатшы:

С.И.Эбиева



**«Мерейлі» жекеменшік балабақша 2025-2026 оқу жылындағы
педагогикалық кеңестің
№3 хаттамасы**

19 қаңтар 2026 жыл

Жаңаөзен қаласы

Күн тәртібінде:

1. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімін орындау нәтижелері.
2. «Педагогтің кәсіби іс-әрекетіндегі педагогикалық әдеп»
3. «Дене шынықтыру бойынша балабақшадағы тыныс алу жаттығулары».
4. Аралық I жарты жылдық мониторинг
5. «Балалардың жарты жылдық үлгерім көрсеткіші бойынша»

Тыңдалды:

- 1.Бірінші мәселе бойынша:** директор З.И.Эбиева алдыңғы кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысы туралы баяндады. Хаттамада көрсітілген тапсырмалардың мерзімінде орындалғаны атап өтілді.
- 2.Екінші мәселе бойынша:** психолог: С.И.Эбиева «Педагогтің кәсіби іс-әрекетіндегі педагогикалық әдеп» тақырыбында презентация жасады. Тәрбиешінің киім киіну мәдениеті, сөйлеу этикасы және ата-аналармен қарым-қатынас ережелері талқыланды.
- 3.Үшінші мәселе бойынша:** Жилкишева Ұлболсын балабақшадағы дене шынықтыру кезінде қолданылатын тыныс алу жаттығуларының маңыздылығын түсіндірді. Тәжірибелік көрсетілім жасалды.
- 4-5.Төртінші және бесінші мәселелер бойынша:** директор З.И.Эбиева жылдық мониторинг және балалардың үлгерім көрсеткіштері туралы мәлімдеме жасады. Оқу жылының бірінші жартысындағы жетістіктер мен кемшіліктер сарапталды.

Сөз сөйледі: тәрбиеші: Кошбаева Жанар қазақи кітаптарды көп оқып, сөз байлықтарын жетілдіру қажет екендігін. Киім киісін дұрыстап киіну керек екенін ұсыныс айта өтті. Педагогтар ұсынысты бірауыздан қолдады.

Қаулы:

1. Алдыңғы кеңес шешімдерінің орындалуы «қанағаттаналық» деп танылсын.
2. Педагогтердің этикалық кодексі қатаң сақталсын.
3. Күнделікті оқу қызметінде тыныс алу жаттығулары кешені қолданысқа енгізілсін.
- 4.5. Үлгерімі төмен балалармен жеке жұмыс жоспары бекітілсін.

Жиналыс төрағасы:

З.И.Эбиева

Хатшы:

С.И.Эбиева

«Бекітемін»
«Данышпан балақай» жекеменшік
балабақша директоры
у.м.а. З.И.Эбиева



№ 4 Педагогикалық кеңес

Тақырыбы: «Ойын технологиясы арқылы балаларға тәрбие беру аясын пәндік-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыру»

Өткізу нысаны: сұхбат

№	Педагогикалық кеңесте қаралатын мәселелер	Уақыты	Өткізілетін түрі	Жауапты
1	Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуын талдау.	Наурыз 2026 жыл	Дөңгелек үстел	Директор у.м.а. З.И.Эбиева
2	Педагогтерді аттесттауды қағидалары және шарттарымен таныстыру		Таныстырылым	Директор у.м.а. З.И.Эбиева
3	Заттық дамытушы ортаны жасақтау жолдары		Кеңес	Әдіскер: М.А.Туякова
4	“Дамытушы ортадағы ойын түрлері”		Тренинг	Психолог: С.И.Эбиева

**«Данышпан балақай» жекеменшік балабақшасы
2025-2026 оқу жылындағы педагогикалық кеңестің
№4 хаттамасы**

11 наурыз 2026 жыл

Жаңаөзен қаласы

Күн тәртібінде:

1. Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуын талдау.
2. Педагогтерді аттестаттау қағидалары және шарттарымен таныстыру. Жауапты директор: З.И.Эбиева
3. Заттық дамытушы ортаны жасақтау жолдары. Жауапты әдіскер: М.А.Туякова
4. «Дамытушы ортадағы ойын түрлері». Жауапты психолог: С.И.Эбиева

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша:

Директор З.И.Эбиева алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы есеп берді. Жоспарланған жұмыстардың орындалу барысы талданып, педагогтардың атқарған жұмыстары туралы айтылды.

2-мәселе бойынша:

Директор З.И.Эбиева педагогтарды аттестаттаудың жаңа қағидалары мен шарттары туралы таныстырылым жасады. Аттестаттаудың кезеңдері, құжаттарды рәсімдеу тәртібі және талаптары түсіндірілді.

3-мәселе бойынша:

Әдіскері М.А.Туякова топтардағы заттық дамытушы ортаны тиімді ұйымдастыру жолдары туралы баяндама жасады. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ортаны дұрыс ұйымдастырудың маңыздылығы атап өтілді.

4-мәселе бойынша:

психолог: С.И.Эбиева «Дамытушы ортадағы ойын түрлері» тақырыбында тренинг өткізіп, ойындардың балалардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытудағы рөлін көрсетті.

Шешімі:

- Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Педагогтар аттестаттау талаптарымен танысып, қажетті құжаттарды уақытылы дайындасын.
 3. Топтарда заттық дамытушы ортаны балалардың жас ерекшеліктеріне сай жанартып, толықтыру жұмыстары жүргізілсін.
 4. Дамытушы ортада балалардың танымдық қабілеттерін дамытуға бағытталған ойын түрлері жүйелі түрде қолданылсын.
 5. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау мекеме әкімшілігіне жүктелсін.

Жиналыс төрағасы:

Хатшы:



З.И.Эбиева

С.И.Эбиева

«Бекітемін»
«Данышпан балақай» жекеменшік
балабақша директоры
у.м.а З.И.Әбиева



№ 5 Педагогикалық кеңес

«Оқу жылының қорытындылау. Жаздық сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру»
Өткізу нысаны: Дөңгелек үстел

№	Педагогикалық кеңесте қаралатын мәселелер	Уақыты	Өткізілетін түрі	Жауапты
1	Алдыңғы педагогикалық кеңестің шешімдерінің орындалуын талдау.	Маусым	Дөңгелек үстел	Директор С.И.Әбиева
2	Бөбекжайдың 2025-2026 оқу жылының қорытындысы		Мәлімдеме	Әдіскер: М.А.Туякова
3	Топ педагогтаренінің жұмысының есебі		Мәлімдеме	Әдіскер: М.А.Туякова
4	Тәрбиешілерді жазғы сауықтыру маусымына арналған жұмыс жоспарымен таныстыру. Сабақтарын, күн тәртібін бекіту.		Мәлімдеме	Әдіскер: М.А.Туякова
5	Жаңа оқу жылына бағыт бағдарлау		Мәлімдеме	Әдіскер: М.А.Туякова